**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ**

# 2020-2021 оқу жылына арналған "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші талапкерлерге арнайы емтиханды онлайн тапсыруға арналған нұсқаулық

Алматы, 2020 ж.

**"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдарға арнайы емтиханды онлайн тапсыруға арналған нұсқаулық**

** Нұсқаулықтағы суреттерде қызылмен белгіленген бөліктерге назар аударыңыз.*

**Жалпы ақпарат**

Арнаулы емтиханды Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ) қабылдау комиссиясы қабылдайды.

Арнайы дайындықты қажет ететін ХАТУ мамандықтар тізімі:

- B011- Информатика мұғалімдерін даярлау
- B010- Физика мұғалімдерін даярлау

**Арнайы емтиханды өткізу түрі:** педагогикалық жағдай.

Өтініштерді қабылдау және оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу – ХАТУ https://admission.iitu.kz/ -сайдында қашықтықтан жүргізіледі. Емтиханды тапсырғаннан кейін ХАТУ қабылдау комиссиясына хабарлап айту қажет және университет кампус жүйесі арқылы (https://campus.iitu.kz/#/applicant/login) құжаттарды жіберу қажет. Мерзімі - 20 маусымнан 24 тамызға дейін. Мемелекеттік білім беру гранты конкурсына қатысушылар үшін 19 шілде сағат 18.00 дейін тапсыру қажет.

**Құжаттар тізімі:**

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа, скан көшірмесі);

2) 3x4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет (электронды);

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерге арналған арнайы емтихан "рұқсат беру" немесе "рұқсат бермеу" нысанында бағаланады.

Педагогикалық кәсіпке түскен талапкерлер білім беру грантын алуға арналған байқауға қатысу немесе ақылы негізде ЖОО-ға қабылдану үшін педагогикалық мамандықты таңдау құқығына ие.

Педагогикалық кәсіпке өтпеген жағдайда, талапкерлер таңдау пәніне сәйкес басқа мамандықтар бойынша білім беру грантын иелену үшін байқауға қатысу құқығына ие.

Арнайы емтиханды онлайн режимде тапсыру үшін қажетті компьютерлік құралдар:

1. Ноутбук немесе дербес компьютер, веб камера және микрафон;
2. Интернет байланысы;

**Арнайы емтиханды онлайн тапсыруға нұсқаулық**

Арнайы емтиханды онлайн тапсыру кезінде келесі жүйелер қолданылады:

1. https://admission.iitu.kz/ - url адресі бойынша орналасқан арнайы емтиханды тапсыру жүйесі
2. http://teams.microsoft.com – **Microsoft Teams платформасы** емтихан қабылдаушы комиссиямен байланыс құралы ретінде қолданылады (немесе мына адресті қолданып көріңіз https://www.microsoft.com/ru-ru/microsoft-365/microsoft-teams/group-chat-software )

**1. Арнайы емтиханды тапсыру**

Емтихан тапсырушы абитуриент бірінші кезекте жоғарыда аталған жүйеге тіркелу қажет. Жүйеге тіркелу үшін келесі қадамдарды орындау шарт және емтиханның басталуына 1 сағат қалғанға дейін тіркелу аяқталу қажет.

**1-қадам**

http://campus.iitu.kz/ - сайтына тіркелгеннен кейін абитуриенттің электронды почтасына Microsoft Office Teams 365 платформасына тіркелу туралы хабарлама жіберіледі (1-суреттегі хабарламаға ұқсас). Хабарламада көрсетілген https://www.office.com/ адресті ашу, https://www.office.com/ порталына алғаш кіру кезінде құпия сөзді, ұялы байланыс телефоны номерін және қосымша email жайлы мәліметтерді өзгерту қажет.


Campus IITU оқу порталында тіркелуді өтуіңізбен құтықтаймыз!
Microsoft Office Teams 365 платформасында орналасқан қашықтан оқыту порталына кіру тіркеу жазбасы.

Логин: n.mukazhanov@admission.iitu.kz
Уақытша құпиясөз: Vab58683

https://www.office.com/ порталына алғаш кіру кезінде құпиясөзді, ұялы байланыс телефоны номерін және қосымша email жайлы мәліметтерді өзгерту қажет.

Учетная запись для входа в портал онлайн обучения на платформе Microsoft Office Teams 365
Microsoft Office Teams 365 платформасында орналасқан қашықтан оқыту порталына кіру тіркеу жазбасы.

Логин: n.mukazhanov@admission.iitu.kz
Временный пароль: Vab58683

При первом входе в портал https://www.office.com/ пароль нужно заменить, также необходимо заполнить номер мобильного телефона и дополнительную электронную почту (для возможности самостоятельного сброса пароля по СМС или почте).
--

1-сурет. Электронды почтаға жіберілетін хат.

**2-қадам**

https://www.office.com – адресіне өту және уақытша құпия сөзді ауыстыру. https://www.office.com – веб парақшасы 2-суретте көрсетілген.




2-сурет. https://www.office.com веб парақшасы.

3-суретте уақытша құпия сөзді ауыстыру веб беті көрсетілген. Енгізілетін жаңа құпия сөзіңіз құпия сөздің қауіпсіздік талаптарына сай болуы шарт.




3-сурет. Уақытша құпия сөзді ауыстыру веб беті

Құпия сөзді сәтті ауыстырғаннан кейін бірден [https://www.office.com/](https://www.office.com/) -веб адресіне өтесіз. Веб парақша интерфейсі келесі суретте көрсетілген (4-сурет).




4-сурет. Microsoft Office 365 веб парақша интерфейсі.

**3-қадам**

https://admission.iitu.kz/login/index.php - url адресі бойынша емтихан тапсырмаларын алу, веб парақша интерфейсі 5-суретте берілген.




5-сурет. https://admission.iitu.kz/login/index.php - адресі бойынша веб парақша интерфейсі

Ашылған бетте **OpenID Connect** батырмасын басыңыз. Егер сіздің логиніңіз бен құпия сөзіңіз браузерде сақталған болса, сіз бірден Қабылдау комиссиясы (Приемная комисия) парақшасына өтесіз (6-сурет), кері жағдайда 2-қадамда көрсетілген тапсырмаларды орындаңыз.




6-сурет. Қабылдау комиссиясы парақшасы.

Қабылдау комиссиясы парақшасында міндетті өрістерді толтырып, «**Обновить профиль**» батырмасын басыңыз (7-сурет).



7-сурет. Профильді жаңарту батырмасы.

**_4-қадам._**

https://admission.iitu.kz/ - адресі бойынша пайдаланушының жеке парақшасы ашылады, парақшасында **«Приемная комиссия»** батырмасын басу арқылы ХАТУ емтихандары парақшасын ашасыз (8-сурет) .




8-сурет. Қолданушының жеке парақшасы

9-суретте Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқуға қабылдау бойынша емтихандар парақшасы ашылады.



9-сурет. Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқуға қабылдау бойынша емтихандар парақшасы.

**«Педагогикалық мамандықтар бойынша арнайы емтихандар (Специальные экзамены по педагогическим специальностям)»** - білім беру бағдарламалар тобы бойынша емтихандар парақшасына өтесіз. Ашылған парақшадан «Записаться на курс» - батырмасын басыңыз (10-сурет).




10-сурет. Емтиханға өту.

Ары қарай, емтиханды тапсыру парақшасында Тақырыптар тізімінен (Тема1... Тема10) бір тақырыпты таңдаңыз (11-сурет).




11-сурет. Емтихан тақырыптарын таңдау парақшасы.

Келесі, «Начать тестирование» батырмасын басыңыз: 


Сізге педагогикалық жағдаят бойынша сұрақ беріледі (12-сурет). Сұрақтар қазақ және орыс тілінде ұсынылады, сіз өз таңдауыңызға байланысты қазақ немесе орыс тіліндегі жағдаяттың біріне жауап беріңіз.




12-сурет. Педагогикалық жағдаят бойынша сұрақ (мысал ретінде)

Емтихан уақыты аяқталғанға дейін жазылған жауапты сұрақ ұсынылған веб беттегі формаға енгізіп, «Жіберу (отправить)» батырмасын басасыз. Егер сіз жауапты файл түрінде жіберетін болсаңыз, файлды жүктеу үшін бірінші парақшаның төменгі жағында орналасқан «Для загрузки файлов перетащите их сюда.» батырмасын басасыз (13-суретте көрсетілген).




13-сурет. «Для загрузки файлов перетащите их сюда» батырмасы

Батырманы басқаннан кейін, осы парақшада файлдарды жүктеу аймағы пайда болады (14-сурет). Жазылған жауап жайлын жүктеңіз және файл жүктелгеннен кейін «Закончить попытку» батырмасын басыңыз.




14-сурет. Файлдарды жүктеу және тапсырманы аяқтау.

Жауап жіберілгеннен кейін емтихан тапсыру процесі аяқталады. Арнайы емтихан тапсырғандығыңыз туралы гранттық конкурсқа өтініш беру кезінде техникалыө хатшыға хабарлауыңыз қажет.